



ЕПТІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАРДЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫ. МЕКТЕПТЕРДІҢ  
МАТЕРИАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫ.

Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Мәселен, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық қозғалыстарын санасымен бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяқ-қолы бір мақсатқа бағытталады), терлеп-тепшіп қиналады. Ал жазуға төселген адам өз қозғалыстарын байқамайды, оның орнына жазған нәрсенің мазмұнына ерекше көңіл бөледі. Өйткені соңғыда жазу дағдысы автоматталған.

Алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Мәселен, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық қозғалыстарын санасымен бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяқ-қолы бір мақсатқа бағытталады), терлеп-тепшіп қиналады. Ал жазуға төселген адам өз қозғалыстарын байқамайды, оның орнына жазған нәрсенің мазмұнына ерекше көңіл бөледі. Өйткені соңғыда жазу дағдысы автоматталған.

Дамуы шегіне жеткізілген дағдылардан мына төмендегідей белгілерді байқауға болады:

1) Дағды алудың белгісі — әртүрлі амалды тез орындап, шапшаң қимылдау (мысалы, спорттық ойындардағы спортсменнің дағдысы);

2) Дағды қалыптасқаннан кейін күштеніп, зорланып, қиналып істеу жойылады (мысалы, инеге жіпті жылдам сабақтай алмау, жазуға төселмей тұрғандағы балада байқалатын ебедейсіздік т.б. адамда әлі де дағдының жоқтығының белгісі);

3) Дағдыланудың үшінші белгісі — бірқатар жеке амалдарды біріктіріп, одан тұтас бір амал жасай алу. Мысалы, бала алғаш әріпті танығанда, сөздерді әріпке, буынға, тұтас сөзге бөледі, кейін осыдан сөйлем құрайды. Сөйтіп, жаттыға келе бұлай кібіртіктеп отырмайды, сөйлемдерді шапшаң оқитын болады;

4) Көзбен бақылаудың маңызы кеміп, қозғалыс пен бақылаудың маңызы артады (мысалы, жазу дағдысы баланың қозғалыс түйсіктерінің жетіле түсуін қажет етеді, Мәнерлеп оқуда да көз бірер сөздің көлемінде болмай, тұтас сөйлемді, тіпті бірнеше сөйлемді қамтиды. Адам мәтіннің мағынасын түсінумен қатар алдағы сөздердің мағынасын да аңғара алады. Мұны психологияда дағдының антиципациясы (лат. антиципатио деген сөзі, қазақша күні бұрын біліп қою деген мағынаны білдіреді). тәжірибелі машинистка да қағаз басуда көздің көмегіне сүйенбей, саусақтардың қимыл-қозғалыстарына ерекше көңіл бөледі);

5) Дағдыға машықтану үшін алдын ала қабылдай алу қабілетінің болуы, мысалы, машинистка мәтінді көшіргенде, әрдайым оның көзі алға жүгіріп, қолынан озып кетіп отырады. Қолы бір сөзді басқан кезде, оның ойында бірер сөз әзір тұрады.

Дағды - автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет; көп рет қайталау жолымен қалыптасады. Оқыту процесінде, әсіресе, жалпы оқу дағдыларын, пәнаралық мәндегі, жазу дағдыларын қалыптастыру қажет. Дағды санасыз қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады.

**Дағдының физиологиялық негізі — динамикалық стереотип. Мысалы, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық қозғалыстарын санасымен бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяқ-қолы бір мақсатқа бағытталады), біраз қинайлады. Ал жазуға төселген адам өз қозғалыстарын байқамайды, оның орнына жазған нәрсесінің мазмұнына ерекше зейінін бөледі. Өйткені, соңғыда жазу дағдысы автоматталынған. Дағдылануда іс-әрекеттің тұтас өзі емес, жеке компоненттері (күрамдары) ғана автоматталынады.**

Дағды — бірнеше рет қайталаулардың нәтижесінде пайда болған және оның саналы қадағалауының қысқартылуымен сипатталатын жеке әрекеттер — операцияларды орындаудың таптаурын тәсілі. Дағды бірнеше түрлері бар: перцептивті, интеллектуалдық, қозғалыс және мінез-құлық дағдылары.

**Перцептивті дағды** — жақсы таныс заттардың тану белгілерінің бірмезгілдік, таптаурын бейнелеуі.

**Интеллектуалдық дағды** — белгілі бір сыныпқа кіретін есептер мен тапсырмаларды шешудің таптаурын тәсілдері.

**Қозғалыстық дағды** — таптаурын әрекеттер, жақсы қойылған қимыл-қозғалыстардың жүйесі. Қозғалыс дағдыларына әрекеттің әдетті құралдарын таптаурын түрде пайдалану да кіреді.

Дағды мен ептілік. Дағды – адамның белгілі іс — әрекетті сан рет қайталап отыруы нәтижесінде қалыптасып, автоматты түрде орындалатын ісі. Мәселен, балада оқу дағдысының қалыптасуы, қызметкердің міндетті ісін орындауы. Дағдының қалыптасуында мақсат қою негізгі рөл атқарады. Дағдының қалыптасуы қимыл – қозғалыстар мен әрекет жасауға орай бірнеше сатылардан тұрады.

Адам әрекетіндегі ептілік (бейімділік) – белгілі бір істі атқаруға бейім тұру, өзінің игерген білімін, дағдысын түрлі жағдайда қолдана білу. Ептілікті жеке қарастырсақ, ол адамның дағдыдан өзгешелеу ұқыптылық қасиетін көрсетеді. Ептіліктің тағы бір ерекшелігі адамның өз білімін қажет болған кез – келген жағдайда қолдана білу әрекетінен анық байқалады.

## **Ептілік пен дағдылықты қалыптастырудың инновациялық технологиялары:**

- оқушылардың дербестілігінің жоғарғы деңгейін топшылайды, сабақты өтуге және дайындауға белсенді қатысуын талап етеді;
- тұлғаның дамуы мен қалыптасуына септігі тиеді, оқушының қабілеті мен қызығушылығын көрсетуге қолайлы жағдай жасайды;
- қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді, сабақта игі ниеттілік мен бір-біріне сенушілік жағдайлары болғандықтан, баланың ішкі дүниесімен тығыз байланыс орнатуға болады;
- еркіндік беруге, оқушының көркем шығармашылығын дамытуға әсер ететін, эмоционалды күйге келтіруге септігі тиеді;
- баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, зеректілігін дамытады, жалпы ой-өрісін кеңейтеді, оқушыларға білімді тез меңгеруге, тәжірибеде және басқа жағдайларда дұрыс қолдануға әсер етеді;
- оқушылардың назар салуын және сабақтағы дербес әрі белсенді жұмысын көрсете алатын, танымдық қызметін ынталандыруға;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтың дүниетанымдық бағыттылығын арттырады, жан-жақты дамуына септігі тиетін, олардың пікірін тиімді қалыптастырады.



**Материалдық-техникалық база— экономикалық үдерістерде пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының, қоғамның өндіргіш күштеріне жататын материалдық, заттық нышандардың жиынтығы (еңбек құралдары мен заттары). Экономиканың материалдық-техникалық базасына салалық құрылымдар, оның инфрақұрылымының негізгі және көмекші салалары жатады. Кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы өндірістік алаңдардың болуын және оның өндіріске бейімделіп жарақтандырылуын, жабдық паркінің болуын, қолда бар материалдық қорлардың өндірістік бағдарламаға сай келуін қажет етеді.**

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Бұзаубақова К. “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру - міндет”. // Қазақстан мектебі. № 9-10. 2005 ж. 25-26 б.

Байғазиева Г. “Жаңа Педтехнология”. // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 ж. 53-54 б.

Бұзаубақова К. “Жаңа педагогикалық технологиялар”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2005 ж. 5-8 б.

Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 1. 2007 ж. 69-70 б.

Әмір Шарапат. “Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары” // Қазақстан мектебі. № 6. 2001 ж. 32-34 б.

Бейсембаева А. “Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендірудің мүмкіндіктері”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2001 ж. 12-13 б.

Көшімбетова С. “Оқыту тиімділігі – озық технологияларда”. // Қазақстан мектебі. № 7. 2005 ж. 16-17 б.

Б.М. Камзина. “Жаңа инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің педагогикалық шарттары” // Валеология. № 3. 2006 ж. 4-5 б.



Назарларыңызға рахмет!!!